

«Bal-Aiym2» бөбекжай-бақшасының 2024-2025 оқу жылының

№4 Педагогикалық кеңесінің хаттамасы

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі балаларға экологиялық тәрбиелеу әдістері»

Мақсаты: балаларды энергия көздерін, су ресурстарын үнемдеу және сақтау, оларды тиімді пайдалануға (су, ауа, күн энергиясы) баулу;
сюжетті - рөлдік ойындарды ұйымдастыру;
тірі және өлі табиғат объектілерін бақылауды күнделікті жүргізу;

Күн тәртібінде:

1. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері. Әдіске: Ж.Алдабергенова
2. Экологиялық мерекелер. Тәрбиеші: Төлешова А
3. Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру. Тәрбиеші: Төлешова А
4. Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез құлық мәдениетін қалыптастыру. Тәрбиеші: М.Токшылықова

Тыңдалды: Балабақша әдіскері Ж.Алдабергенова

Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында жыл бойы жоспарланған іс-шаралар сәтті жүзеге асырылды. Бұл іс-шаралар балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін нығайтуға бағытталды. Аптасына бір рет өткізілген экологиялық сабақтарда балалар табиғат құбылыстары, өсімдіктер мен жануарлар әлемі туралы мәліметтер алды. Бұл сабақтар олардың экологиялық сауаттылығын арттырып, табиғатқа деген қызығушылығын оятты. Айына бір рет ұйымдастырылған табиғатқа экскурсиялар барысында балалар жақын маңдағы саябақтар мен ормандарға барып, өсімдіктер мен жануарларды табиғи ортада бақылап, олардың ерекшеліктерімен танысты. Бұл тәжірибе балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырды. «Ағаш отырғызу», «Қоқыстан тазарту» сияқты экологиялық акциялар ұйымдастырылып, балалар белсенді қатысты. Бұл шаралар олардың қоршаған ортаны қорғауға деген жауапкершілігін нығайтты. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сурет салу, қолөнер бұйымдарын жасау сияқты конкурстар өткізілді. Бұл конкурстар балалардың экологиялық мәселелерге деген көзқарасын білдіруге мүмкіндік берді. Ата-аналардың қатысуымен экологиялық тақырыптағы семинарлар мен тренингтер ұйымдастырылды. Бұл шаралар отбасында да экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етті. Жылдық жоспарға сәйкес өткізілген іс-шаралар балалардың экологиялық білімін арттырып, табиғатқа деген сүйіспеншілігін нығайтты. Алдағы уақытта да осындай іс-шараларды жалғастыру жоспарлануда.

«Ата-аналарға арналған консультациялық пункттерді ұйымдастыру балалардың жан-жақты дамуы мен отбасындағы тәрбиені қолдауға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Бұл пункттер мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың ата-аналарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетуді мақсат етеді. Консультациялық пункттер білім басқармасының (бөлімінің) шешімі бойынша мектепке дейінгі ұйымдар базасында құрылады. Ата-аналарға балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету Балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау, дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы ауытқулардың алдын алу». Ата-аналарға

балалардың денсаулығы, тамақтануы, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамыту бойынша ақпараттық қолдау көрсету деп айтты. Осы ұсынымдарды орындау арқылы ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің тиімді жұмысын ұйымдастырып, балалардың жан-жақты дамуына және отбасындағы тәрбиенің сапасын арттыруға қол жеткізуге болады деді.

Шешімі: Бала денсаулығын шынықтыру және сайықтыру бойынша қосмша жоспар құрылсын.

Пед кеңес төрайымы: Ж.Ибрагимова

Хатшы : Ж.Алдабергенова